

FTAXP 06.73.10
ӘОЖ 331.41
JEL Q18, R11

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-253-270>

Г.Ж. ЖАМБЫЛОВА,*¹

докторант.

*e-mail: zhambylova_gulfiya@live.kaznu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5960-1957

А.А. САТМУРЗАЕВ,²

э.ғ.д., профессор.

e-mail: ncasan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5208-6761

Д.С. КАДЫРБЕКОВА,³

PhD.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

Г.А. БОЛСЫНБЕКОВА,⁴

э.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: bolsynbekovag@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8925-3041

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ, Қазақстан

²«Қайнар» академиясы

Алматы қ., Қазақстан

³Қазақ спорт және туризм академиясы,

Алматы қ., Қазақстан

⁴«Alikhan Bokeikhan university» БМ,

Семей қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖӘНЕ АЙМАҚТАРЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІГІ

Андатпа

Мақаланың негізгі мақсаты – аграрлық салаларды цифрландыруға байланысты мәселелерді қарастыру: мемлекет тарапынан оларды дамытуда қолдаудың негізгі тетіктері, еңбек өнімділігін төмендету, инновациялық технологияларды неғұрлым кең цифрлық енгізу мүмкіндіктері. Авторлар еліміздегі агроөнеркәсіптік кешеннің басымдық кезеңдері бойынша дамытудағы атаулы мәселелерді шешудің негізгі жолдары мен тетіктерін анықтады. Қазақстандағы АӨК дамытудағы 2021–2025 жж. бағытталған еліміздің АӨК дамыту бойынша ұлттық жобасы өзінің іске асырылуы бойынша негізгі шеңберді белгілей отырып, бірқатар өзекті мәселелерді көрсетеді. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыру мақсатында аграрлық салада жаңғырту және әртараптандыру мәселелерін шешудің маңызы зор. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін әртүрлі деңгейде жаңғыртудың аса маңызды факторлары анықталды. Олардың негізінде агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі бағыттары ұсынылды және негізделді. Зерттеу нәтижелері осы саладағы заманауи автор-мамандардың тұжырымдары мен көзқарастарын қамтиды. Азық-түлік бағасын реттеуді қоса алғанда, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша бірнеше тұжырымдар мен бағдарламалар толығымен сараланған.

Тірек сөздер: мемлекеттік қолдау, бюджеттік бағдарлама, инвестиция тарту, инвестициялық жоба, АӨК қаржыландыру, цифрландыру, инновациялық қызмет.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдауын қарастыратын болсақ, онда «жүйелі деген реформалар мен халықтың бірлігі дегеніміз, елдің нақты өркендеуінің айқындалған негізі» дей келе, агроөнеркәсіптік кешен дамуының басты

бағыты халықты басты деген азық-түлікпен барынша қамтамасыз ету керектігін баса назар аудартып, атап өткен [1].

Осы алған тәуелсіздігіміздің отыз жылында елімізде экономиканың аграрлық кешенін алға жылжыту мақсатында ондаған бағдарламалық бағыттағы құжаттамалар, заңнамалық актілер мен заңдар дайындалып, іске қосылған. Әйтсе де бір кемшілігі, ауылшаруашылық өнімдерін әзірлеу мен өндеудегі салаларға атаулы заңнамалар мен бағдарламалық деген құжаттар, қосымша құжаттар толықтай әсер ете алмауда, жоғары деңгейді көрсетпейді. Оның дәлелі деп: 2017–2020 жж. атаулы бағдарламада көрсетілген АӨК дамытудың басым көрсеткіштерінің нақты жүзеге асырылғаны туралы бірқатар деректер нақты еместігін айтуға болады. Осыған байланысты елімізде АӨК дамытуға байланысты 2021–2025 жж. арналған Ұлттық жаңа жоба дайындалып, ұсынылды. Бекітілген ұлттық жобаның негізгі мақсаты сексен пайызға ішкі нарықтарды отандық өндірілетін өндірістің есебінен азық-түлік өнімдерімен молайту, миллионнан астам ауылдық жердегі халықты тұрақты пайдамен қамту, аграрлық салалардағы еңбек өнімділігін 2,5 есеге көбейту, қайтадан өңделген ауыл шаруашылығындағы тауарлардың экспортын да ұлғайту керек. Осы бағыттар бойынша мемлекеттік қордан бес трлн теңге көлемінде қаражат жұмсау жопарда бар.

Зерттелген деректерге сүйенсек ауыл шаруашылығының өндірісі дамудың оң бағыттарын көрсетіп отыр, ең бастысы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің санының көбеюі, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен ауқымының кеңеюі, сонымен қатар аграрлық кәсіптің дамуы. Әйтсе де осындай артықшылықтармен қатар кемшіліктер де қоса жүрері анық, мысалы аграрлық салалар үшін өзекті деген мәселелер әлі де шешімін табуы күтуде. Оның бастысы аграрлық саладағы табиғи, климаттық жағдайлардың орын алуы, бұл саланың осы жағдайға деген тәуелділігі болып отыр, өйткені кейбір ауыл шаруашылығының өнімдерін алу үшін белгілі бір уақыт кезеңдерінде ғана жұмыстарды жүргізу керек болады [2].

Біздің елімізде жоғарыда аталған мәселелермен қатар аграрлық саланың конъюнктурасының тұрақты дамуымен қатар, экономиканың тұрақсыздығының қатар жүруі, сондықтан да ерекше әлеуетке ие аграрлық саланың басқа да экономикалық салалардан жырақтап қалмауын үнемі бақылауда ұстау қажет. Жалпы мемлекеттің қолдауынсыз экономиканың аграрлық саласы инновациялық бағыттарға бейімделе алмайды, яғни кеңейтілген тұрғыдағы өсімдерін бермейді. Экономиканың барлық салалары бойынша дамытудың мәселелерін шешу үшін цифрландыру мен инновациялық технологияларды үздіксіз қолдануға тиіспіз, ол үшін кейбір дамыған елдердің тәжірибелеріне сүйене аламыз. Дамушы елдер оң бағыттарға бірден жете алмаған, олардың жетістіктері көптеген жылдардың жемісі деуге де болады. Демек біздің еліміз де осы салада даму бойынша экономикалық дағдарыстарға, инфляцияға, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне ұшырауына дайын болып, одан шығар жолды іздеуі тиіс [3].

Әдебиетке шолу

Зерттеу әдістемесі зерттеулерде әмбебап болып қарастырылатын қағидалар мен әдістерге негізделген. Көбінесе ақпараттық талдауға баса назар аударылған. Нақты зерттелу барысындағы мәселелерді ашып, айқындап көрсету барысында бірнеше жинақталып отырған деректер талданып, талқыланып, логикалық тараптан ой елегінен өткізіліп, жалпы деңгейде жүйеленіп, бірнеше әдістерді қолдану негізінде қарастырылды.

Аграрлық саланы жаңғыртып дамытудың басты бағыты бірінші орында әлеуметтік-экономикалық және саяси мәнге ие болады. Сондықтан сала бойынша мәселелерді шешу жолдарын қарастырғанда жүйелік қадамдарды саралаймыз, отандық және ресейлік ғалымдардың, әсіресе А.Т. Болотов, А.С. Ермолов, Д.Ф. Вермель еңбектерін негізге алып, тәжірибе алмасуға болады. Аймақтардың аграрлық секторының сыртқы ортамен байланысын «кіру-үрдіс-шығу» тізбектік байланыстары бойынша қарастыру нүктесін ғалым А.А. Никонов көрсетіп бергендей, аграрлық сектор жекелеген бөліктерден құралып, барлық жүйеден бөлек, осы бөліктердің жекелеріне де жауап беретінін көрсетеді. Ал ғалым Н.Д. Кондратьев пен Н.Н. Куницинаның пайымдауынша аграрлық экономикадағы күрделі кезеңдік бағыттарды тербеліс бойынша қарастыруда аграрлық саланы жаңғырту бойынша құбылыстардың жиілік сипаттамаларын айқындаймыз.

Ал біздің пайымдауымызша экономикалық бағыттағы барлық үрдістер бір күйден екінші тербеліске ауысқанда кезеңдер бойынша алға жылжиды, соның негізінде белгілі бір дәрежеде болжамды бола алады, жиілік сипаттағы құбылыстар көбірек анықталады [4]. Аталған мәселені зерттеумен Қазақстандық ғалымдар М.Ж. Қонырбеков [5, 6, 7], Ш.А. Смагулова [8], Ш.М. Кантарбаева [9, 10] айналысқан, олардың еңбектерінде атаулы факторлар келтірілген.

Зерттеу логикасы талдау мен қойылған мәселелерді шешуге байланысты авторлардың қазіргі тұжырымдарын ескере отырып, аграрлық салалардың қазіргі кездегі даму бағыттарын көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында теориялық және әдіснамалық негіздеме ретінде ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің 2018–2022 жж. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері қарастырылды. Еліміздегі агроөнеркәсіптік кешенді зерттеу бойынша жаңғырту кезеңдеріне байланысты және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту бойынша қазіргі заманның талаптарына сай бірнеше әдістер алынды, олардың ішіндегі маңыздысы институционалдық әдіс болып табылады. Алдымен факторлар арасындағы байланыстар талданып, кейіннен мемлекет тарапынан шығарылған бірнеше нормалар мен заңдар арқау бола отырып, ҚР Ұлттық ЭМ 9 желтоқсан 2016 жылдағы № 503 бұйырығында көрсетілген тұтынудың басты ғылыми тараптар бойынша физиологиялық нормасының шегі тұтынушыларды ауыл шаруашылығындағы тауарлармен жетік жабдықтаудағы толыққандылыққа көңіл бөледі. Жаңғырту бойынша негізгі деректер пандемиялық жағдайда өте өзекті болды, оның салдары цифрландыруға тәуелділікті көрсетті. Сонымен қатар өнімдердің бағаларын тағайындап, реттеу еліміздегі әлеуметтік-экономикалық дамудағы басты тұрақтылықты жүйелеп берді. Осыған байланысты бірнеше шаралар қарастырылып, ережелер қабылданды. Айқындалған факторларды тұжырымдап зерттеу агроөнеркәсіптік кешеннің алдағы дамуының экономикалық бағытында жүргізіледі. Экономиканы жаңғыртудың үшінші толқыны бойынша қарастырсақ, өсімнің жаңашыл моделін құрастыруда маңызды этап агроөнеркәсіптік кешен болып отыр. Осыған байланысты еліміздегі аграрлық секторды қолдау бойынша қосымша іс-шаралардың пакетін дайындауға байланысты болады.

Негізгі ережелер

Қазіргі нақты деректерді қарастыратын болсақ, халықтың тамақ өнімдеріне деген қажеттіліктері 80 пайыз деңгейінде отандық өнім өндірушілерді қамтыды. Осыған байланысты зерттесек, атаулы сала бойынша шешуді керек етіп отырған негізгі мәселелер өте көп. Оның ішіндегі ең бастысы еңбек өнімділігінің төмендігі. Экономикасы дамыған елдердегі еңбек өнімділігін қарастыратын болсақ, оларда агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігі 100 мың АҚШ долларын құрайтынын көреміз, ал біздің елімізде орта есеппен алатын болсақ, ауыл шаруашылығындағы өнім өндіретін жұмыскерлердің біреуі ғана 3,5 млн теңге өнім өндіреді, былайша айтқанда сегіз мың АҚШ долларынан сәл ғана артықтықты құрайды.

Жалпы әлемдік аграрлық сала бойынша нарықта өте үлкен сұранысқа ие болып отырған соя, зығыр, жасымық өнімдерін көбірек өндіру арқылы еңбек өнімділігін осы бағыттар бойынша арттыруға болатынын көрсеткен, әрине ол әлемдік аграрлық саладағы мамандардың пікірі. Ал еліміздегі сарапшылар Қазақстанда органикалық өнімдерді өсіру барысындағы басым мүмкіндікке ие табиғи ресурстардың әлеуеті бар деп есептейді. Шын мәнінде, осы аталған жетістіктердің барлығына инновациялық агротехнологияларды енгізу арқылы жетуге болады.

Тек ескеретін бір жағдай, еліміздегі ауыл шаруашылығындағы өнім өндірудің негізі климаттық, топырақтық жағдайларға байланысты екендігінде және аталған дақылдардың сорттары атаулы жағдайларға будандастырып, бейімделуі тиіс, өйткені оларды өсіру үшін қажетті ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіруге байланысты техникалар жинағы болуы керек.

Осыларды айқындай келе, еліміздегі агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы бойынша басты мәселелерге мыналарды жатқызуға болады:

- ♦ Барлық бағыттар бойынша инвестицияларды тартуда экономикалық бағыттардағы тетіктердің жетпеуі;
- ♦ Техникалық, материалдық базаның өте әлсіз болуы;
- ♦ Еңбек ресурстарын ұтымды түрде пайдаланбау;
- ♦ Ауыл шаруашылығындағы шикізаттарды өндіру барысындағы төмен деңгей;
- ♦ Егістен тұтынушыға жеткізілудегі делдалдардың көптігі;
- ♦ Зерттелген ғылыми нәтижелерді өндіріске енгізу барысындағы сапасыздық;
- ♦ Ірі тауар өндіруге қатысты кооперацияның ұсақ тауарлы емес шаруашылықтарға қатысты әлсіздігі;
- ♦ Атаулы саланы мемлекеттік қолдауға байланысты бірнеше әрекеттердің дұрыс жолға қойылмауы.

Сонымен бірге ауыл шаруашылық салаларын цифрландыру бойынша бағдарламаның жүзеге асырылып жатқандығын баса айта кеткен жөн, себебі оның жасалып жатқан бағыттары тұрақты түрдегі дамуға үлес қоса алады, ең бастысы еңбек өнімділігін арттыру, келесі еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Негізінде әлемдік тәжірибелерге сүйенер болсақ, еліміздің ауыл шаруашылығындағы «ауыртпашылық нүктелері», оларды еңсеруді талап етеді. Нарықта өзін-өзі реттеу тұжырымы аграрлық экономикада, яғни агроөнеркәсіптік кешенде белгілі бір бағытқа жете алмайды. Ұлттық экономикалық саясатты да еш жерде тұжырымдамаған, себебі бұл мемлекеттің тікелей міндеті, қарастырылатын ауқымды мәселелер мемлекетпен шешіледі. ҚР мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасында «Қазақстан Республикасының Президентінің 1 ақпан, 2010 жылғы жарлығында» мемлекеттік басқару жүйесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын оңтайландырудың, жеделдетудің негізгі тетіктерінің бірі ретінде айқындалады деген [11].

Нәтижелер мен талқылау

Еліміздегі аграрлық салаларды дамыту бағыттары бойынша стратегиялық маңыздылық аймақтарды дамытудағы деңгейде инвестициялау бойынша негізгі әдістерді дайындауды керек етеді, Қазақстандағы аграрлық кешен нақты бағыттар бойынша тұрақты дамуда алдына басты міндет ретінде қаржылық тұрғыда қамтылуды қояды. Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты түрдегі дамуына басты ықпалды мемлекеттік реттеу бойынша қарастыратын болсақ, аймақтық техникалық, технологиялық бағыттағы базалар мен оларды барынша жаңарту кезеңдері, осыған байланысты мәселелерді шешу жолдары және негізгі қорлардың ауыл шаруашылығындағы тозу дәрежесін айқындау бойынша басты фактор ретінде инвестиция көлемі қарастырылады. Аграрлық салалар басты қаржыландыру көздерін мейлінше ұтымды түрде қолдану жолдарын іздейді, бұл жерде бөлу, пайдалану сияқты бірнеше қатынастар жиынтығы ретіндегі ауыл шаруашылық ұйымдарының қаржы құралдары бойынша айналымдар ерекшеленеді. Осыған байланысты соңғы деректерге сәйкес АӨК бойынша қаржылық ресурстардың құрамы талданып, ауыл шаруашылығына бағытталған кірістер мен шығындардың байланыстары беріледі.

Зерттеулерге байланысты қарастыратын болсақ, еліміздегі аймақтар бойынша деректерде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының барлығына дерлік мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар барлық мүмкіндіктер бойынша ауыл шаруашылығындағы өндірістің кәсіпорындарды құрауындағы этаптарды қарастыра отырып, өнім экспортына дейінгі барлық кезеңдері бойынша осы сала мамандарына барынша қолдау көрсетіледі. Демек үкімет ұйымдарды құру кезіндегі қолдау ретінде бірқатар салық түрлерінен босатты, сонымен қатар салық мөлшерлемелерін барынша төмендетті және салық салудың бірнеше нысандарын енгізіп берді. Жергілікті атқарушы орындар бойынша қарастыратын болсақ, мемлекет жер телімдерін беруге қолдау көрсетеді, осылардың негізінде еліміздегі аймақтар бойынша қарастырудағы барлық кәсіпорындарының санын талдауға болады, бұған байланысты деректерді төмендегі 1-ші кестеден (257 б.) көре аламыз.

Кесте 1 – Қазақстанның аймақтары бойынша жұмыс жасап тұрған кәсіпорындардың саны

Аймақтар	Кәсіпорындар саны		
	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Ақмола облысы	48544	54838	58751
Ақтөбе облысы	65992	82580	88485
Алматы облысы	129716	116585	135109
Атырау облысы	52031	63115	67826
Батыс Қазақстан облысы	44260	53008	58751
Жамбыл облысы	71298	92572	107717
Қарағанды облысы	95296	93086	100247
Қостанай облысы	54870	61133	65697
Қызылорда облысы	51063	67145	72934
Маңғыстау облысы	56521	75341	83488
Павлодар облысы	46694	52084	55756
Солтүстік Қазақстан облысы	30228	33066	35091
Түркістан облысы	144778	184579	213283
Шығыс Қазақстан облысы	95916	61475	65045
Нұр-Сұлтан қ.	163017	204308	225268
Алматы қ.	206109	292734	334998
Шымкент қ.	75314	110409	129600
Жетісу облысы	-	53600	59860
Абай облысы	-	49693	54657
Ұлытау облысы	-	17413	19263
Барлығы	1431647	1818764	2031826
Ескертпе: [12] дереккөз негізінде құрастырылған.			

Кестеден көріп отырғанымыздай, барлық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерге мемлекет үлкен қолдау көрсетіп отырады, әсіресе ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатын кәсіпорындарға қолдау ерекше болады, оларға көктем кезіндегі егістік жұмыстарын жанар жағармаймен байланысты шикізаттарды өте төмен бағада ұсынады, 50 пайызға дейінгі органикалық тыңайтқыштарды алудағы мүмкіндіктерді ашып береді, элиталық деңгейдегі тұқымдарды сатып алуға көмектеседі. Сонымен қатар мынадай бағыттар ынталандырылады: ауыл шаруашылығына байланысты өнімдерді сақтау, оларды қайтадан өңдеу, оларды жөнелту. Мемлекет осылармен қоса өсімдік шаруашылығы өнімдерін қайтадан өңдеу, малдарды өсіру, сүт өнімдерін, ет өнімдерін қайтадан өңдеу, жүнді өңдеуге байланысты әрекеттермен айналысатын кәсіпорындарды құру мақсатында керекті шығындарға көмектесуді ынталандырады. Ал субсидиялауда қайта өңдеуге байланысты кәсіпорындардың аграрлық саладағы өнімдерін алдынала белгіленген бағалар бойынша сатып алуларды қарастырады, бұл бағыт ауыл шаруашылығы өндірісі бойынша тиімділікті қамти алады [13]. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің саны 2022 ж. 17 мыңға артты, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6, 7 пайызға артық. Қолданыстағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің аймақтық бөлінісін талдайтын болсақ, төмендегі 2-ші кестеден толықтай көре аламыз.

Кесте 2 – 2022 ж. қолданыстағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді аймақтық бөліністе талдау


Аймақтар	Заңды тұлғалар	Жеке кәсіпкерліктер	Шаруа және фермер қожалықтары
Қазақстан	16985	23016	221776
Абай облысы	560	100	9176
Ақмола облысы	1949	842	6100
Ақтөбе облысы	585	428	8487
Алматы облысы	1229	1063	25665
Атырау облысы	147	265	3294

2-кестенің жалғасы

Батыс Қазақстан облысы	756	807	7579
Жамбыл облысы	740	5879	18827
Жетісу облысы	573	338	17557
Қарағанды облысы	728	123	8369
Қостанай облысы	936	355	6231
Қызылорда облысы	395	578	11476
Маңғыстау облысы	158	236	3018
Павлодар облысы	659	1773	3995
Солтүстік Қазақстан облысы	1353	434	4322
Түркістан облысы	3608	8550	70714
Ұлытау облысы	64	76	3213
Шығыс Қазақстан облысы	640	121	8081
Нұр-сұлтан қаласы	562	57	668
Алматы қаласы	737	263	1346
Шымкент қаласы	606	728	3658
Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылды.			

Кестеден көріп отырғанымыздай, 20 аймақтың үшеуінде шаруа және фермер қожалықтарының жартысынан астамы орналасқан, олар Түркістан облысы (70714 мың), Алматы облысы (25665 мың), Жамбыл облысы (18827 мың).

2022 жылдың шілде айындағы деректерге сүйенсек, Қазақстан Республикасында 230,4 мың шаруа және фермер қожалықтары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысқан. Тір-келген ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерді талдау төмендегі 1-ші суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Тір-келген ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерді талдау (мың)

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Суреттен көріп отырғанымыздай, 20,1 мың занды тұлға және 26,1 мың жеке кәсіпкерлер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, сақтап, қайта өңдеумен айналысады.

Жалпы еліміз халқымызды ауыл шаруашылығындағы қажетті өнімдермен толыққанды камтуда әр-келкілікті ұстанып, оны басқа да елдерден әкеледі. Еліміз атаулы өнімдердің жеке

түрлері бойынша өзін-өзі өндіру бойынша 60 пайызын қамти алады. Ал нарықтық жағдай бойынша зерттесек, бұл сыйымдылықтағы импорттың үлесінде жемістер 70 пайызды, сүттің өнімдері 50 пайызды, құстың еті 57 пайызды, шұжық өнімдері 44 пайызды, көкөністер мен консервідегі өнімдер 85 пайыздан жоғары деңгейді қамтиды [15].

Инвестициялық тартымдылық бойынша ауыл шаруашылығы деңгейінің төмендеуі нақты саласында байқалады. Инвестициялардың жалпы көлемін еліміз бойынша талдайтын болсақ, 12,2 трлн теңге, оның ішінде атап айтсақ, ауыл шаруашылығына 0,5 трлн теңге құйылады, демек үлеске шақсақ 4,6 пайыз болады [16]. Осы салалар бойынша инвестицияларды тарту үшін тиімділігі жоғары инвестициялық жобаларды жүзеге асыру керек. Біздің зерттеуіміздегі сала бойынша инвестициялар бағыты несиелендіру мен лизинг болуы мүмкін [17].


Зерттей келе байқағанымыз, мемлекеттік бюджеттен осы бағыт бойынша бөлінетін қаражат өте төмен деңгейде болып отыр, әсіресе несиелік бағдарламалар шеңберін толықтыру керек деп есептейміз. ДСҰ принциптеріне сүйенсек, елімізде мемлекеттік тікелей қолдаудың нақты деңгейі 8,5 пайызды құраған, ал ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан қолдау бағыты жалпы өнімнің құнына шаққанда 4,4 пайызды құрайды. Әлем елдерін салыстыратын болсақ, бұл аталған көрсеткіш жоғары деңгейді көрсетпейді. Беларусьта ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан қолдау деңгейі ЖӨҚ бойынша 11 пайызды, ал Ресей мемлекетінде 5 пайызды құрайды. Көп жерлерде экономиканың аграрлық санаттарын субсидиялау бойынша принциптерді қайтадан қарап шығу ұсынылады, өйткені бірнеше ауылды жерлердегі кәсіпкерлер агроөнеркәсіптік кешенді қаржылай бағытта қолдау бойынша тетіктерді, басты даму талаптарына дұрыс жауап бере алмайды деп есептейді, өйткені несиелендірудің негізгі нысандары шағын және орта кәсіпорындарға келгенде қол жетімді еместігін көреміз.

2020 ж. еліміздегі ғылыми зерттеулерді мейлінше қаржыландыру деңгейі 90,0 млрд теңгені құрағанын білеміз, талдау барысында ауыл шаруашылығына байланысты ғылымға 12,3 млрд теңге бөлінгенін, ол жалпы 13,6 пайызды құрағанын байқадық. Еліміздегі ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша талдасақ, атаулы деген ғылыми жобалардың нәтижелері бойынша өндіріске олардың 8 пайызының енгізілгенін көреміз. Агроөнеркәсіптік кешенде атаулы мәселелерді шешудегі басты мүмкіндіктерге ие бола алатын жобаларды үкімет агроөнеркәсіптің белгілі бір деңгейде қатысуынсыз қаржыландыра алады. Бұл бағыттар бойынша атаулы салаларға жаңа технологияларды трансферттеу мен коммерцияландыру деңгейінің төмен екендігін айта кеткен жөн. Ғылыми зерттеулер жыл сайын талданып, мынадай нәтиже береді, нәтижелерде 6 мыңнан астам шаруашылық енгізілген, бұл тіркемеден субъектілердің үш пайызын көруге болады. Демек, отандық өндірушілер тиімді технологияларды цифрлық тұрғыдан енгізуге дайын емес, сондықтан жоғарыда аталып отырған мәселелерді тиімді шешу бағытында азық түлік қауіпсіздігі бойынша шаралар қабылданып, еңбек өнімділігін арттыру бағытында әрекеттер жасалуы тиіс, бұл әрекеттер ауыл халқының, ұйымдардың бірлесе жұмыс жасау нәтижелері бойынша әлеуметтік экономикалық өмір сүру деңгейін көтеруге жол ашады.

Қазақстан дәнді дақылдарды өндіру және экспорттау бойынша көшбасшы болып табылатынына қарамастан, олардың өнімділігі төмен деңгейде, ал жетекші позициялар едәуір жер қорының есебінен қамтамасыз етіледі. Ауыл шаруашылығы өндірісін жаңғырту дала жағдайында сұйық және қатты тыңайтқыштарды саралап енгізу және карта жасау технологияларына сұраныс туғызады. Ауыл шаруашылығын жаңғырту үшін ақылды тыңайтқыштарды қолдану өте маңызды (олардың табиғатқа әсерін бақылауға болады), оны Scientific American және Дүниежүзілік экономикалық форум 2019 жылғы маңызды және пайдалы жаңалықтардың қатарына қосады [18]. Тұрақтандырылған тыңайтқыштарды тиімді қолдану (көректік заттардың бақылана шығарылуы бар заттар) көмірқышқыл газының шығарылуын азайтуға, жердің тозуын болдырмауға және өнімділікті арттыруға көмектеседі.

Сондықтан да мемлекетіміздің экономикалық дамуының, бірнеше өндірістік салаларының қажеттіліктерін қанағаттандырудағы маңызды басымдық бағыттарының бірін қолдану керектігі айқындалады, ол – инновациялық қызмет болып табылады. Аграрлық өнеркәсіптік кешендегі инновациялық қызмет барлық атаулы үдерістерді, ғылым мен білімді негізге ала отырып, агроөнеркәсіптік өндірістің, ең бастысы ерекше атаулы бағыты ауыл шаруашылығының да-

муына, аграрлық стратегияның басымдықтарын айқындайтын инновациялық дамудың мынадай маңызды аспектілеріне баса назар аудару керек (2-сурет).



Сурет 2 – Аграрлық стратегияның басымдықтарын айқындайтын инновациялық дамудың маңызды аспектілері

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Осындай бағыттармен қатар агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық басымдықтарына:

- ◆ аграрлық экономика,
- ◆ тұқым шаруашылығы,
- ◆ асылдандыру ісі,
- ◆ механикаландыру және басқа да бағыттар үлкен әсерін тигізеді.

Демек инновациялар қолданбалы, іргелі зерттеулердің қорытындылары, өнертабыстарға патенттер, жаңа технологияларды қолдануға деген құжаттама, инновациялық жобалар, беріліп отырған салалық, аймақтық инновациялық бағдарламалар, ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар түрінде көрініс табады. Осындай бағыттар бойынша іске асырулар әрине кадрлардың біліктілігі мен адами ресурстардың даму деңгейіне тікелей байланысты, осы арқылы агроөнеркәсіптік кешеннің және де ұлттық аграрлық азық-түлік жүйелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қамтылады. Экономикадағы инновациялық үрдістердің қарқыны анықталады [19].

Алдағы уақытта аграрлық саланың болашағын жаңғырту үшін, аграрлық саясат ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын, еңбек өнімділігін, қайтадан өңделген түрде арттыруға түбегейлі түрде бағытталуы керек. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, әлемдегі ауыл шаруашылығы осы кездерге дейін болмаған инновациялық құрастырылымдар үшін жаңа нарықтарды қалыптастыруға қабілетті жоғары технологиялық салаларға айналғанын көруге болады [20].

Мемлекеттік қолдаудың әдістері мен тәсілдерін қайтадан қарауды және инвестицияларды тартудың бірнеше құралдарын қолдануды айқындауды, осы салалар бойынша дамыту тетігін қарастыруды Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі несиелер бойынша пайыздық мөлшерлерді субсидиялау тетігі бойынша қарастырады. Ауыл шаруашылығына инвестициялар мемлекеттің қаржыландыру есебінен қалыптасады. Агроөнеркәсіптік кешен 2030 стратегиясына сәйкес экономиканы дамытудағы маңыздылығын арттырады, мақсаттарды жүзеге асыруда осы саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасының нысаналы индикаторы жұмыс жасауда. Бұл аталған бағдарлама қазіргі уақытта азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерін ұлғайту, ауыл шаруашылығы өнімін импортты алмастыру бойынша мәселелерін шешуге бағыттайтын басты құжат арқылы қарастырады.

Басқа да мақсаттарға байланысты экспортты дамыту мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының табыстарын ұлғайту бойынша талдауларды, дамыту индикаторларын 3-ші кестеден (261 б.) көруге болады.

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2020 ж. өңделген ауыл шаруашылығы өнімі импортының көлемі 1120,2 млн доллар болса, 2021 ж. 1147,8 млн долларды құрағанын көреміз.

Кесте 3 – Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың индикаторлары

Көрсеткіштер	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Жалпы ішкі өнімдегі жалпы өнімнің үлесі, %	7,4	7,5	9,0	9,0
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, млрд теңге	4474,1	5,151,2	6334,7	7346,7
Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар көлемі	365001	494976	565369	773219
Қайтадан өңделген ауыл шаруашылығы өнімі экспортының көлемі, млн долл.	3094,6	3287,4	3304,4	3400,2
Өңделген ауыл шаруашылығы өнімі импортының көлемі, млн долл.	1133,5	1107,1	1120,2	1147,8
Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған 1 адамға шаққандағы еңбек өнімділігі, млн теңге	2,1	2,4	2,5	2,7
Ескертпе: [20] дереккөз негізінде құрастырылған.				

Жоғарыда аталған бағдарламаның нысаналы көрсеткіштерін есептеу барысында дамудың болашақтағы болжамы мен жалпы сипатының нәтижелері арқылы индикативтік көрсеткіштері толық көрсетілуі керек. Әлеуметтік- экономикалық даму жағдайларын қарастыра отырып, өзгерістерін айқындап, жоспарлы кезеңге есептеудегі нақты маңызды мәндерді ескеру қажет.

Экономиканың аграрлық саласының тұрақты түрде жұмыс жасауы дамудың маңызды бөліктерінің бірі деп саналады. Ендеше осы сала бойынша атаулы, мәселелерді қарастырамыз:

1. Материалдық-техникалық базалардың ескіруі;
2. Қаржылық ресурстардың жетпеуі;
3. Несиелер бойынша пайыздардың жоғарылығы;
4. Жер қатынастарының жеткіліксіз дамулары;
5. Ауылдардың әлсіз инфрақұрылымы және тағы басқалары.


Осындай мәселелерді шешу үшін мемлекет тарапынан бірнеше бағдарламаларды әзірлеп, қолдау көрсетулері қажет. Әсіресе аграрлық секторды өндірістік, технологиялық үрдістер бойынша автоматтандыру мен цифрландыру, еңбек өнімділігі мен тиімділігінің жеткіліксіз деңгейін жою аса қажет болады [21].

Сонымен қатар қазіргі экономикадағы инновацияның рөлін осы агроөнеркәсіптік кешенде белсенді түрде арттыру керек. Өйткені инновация бәсекелестіктің бірден-бір қаруы болып табылады. Инновация ұйымдық нысандарды құрастыруға, ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіруге бағытталған инвестициялық қызметтің нәтижесін бере алады. Осы арқылы кірісті арттыруға болады [22]. Сол себепті де біз инновация ұғымы жүрген жерде инвестициялық қызметті де қарастырамыз.

АӨК дамытудағы тағы бір елеулі мәселе, ол мал шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Ол үшін тиімділікті арттыру бойынша қажетті қаржылық қамтамасыз етумен қатар, асыл тұқымды базаны әзірлеп, ет өнімдеріне қатысты ірі орталықтарды қалыптастырып, дамытудың кешенді жоспарын жасау керек. 2023 жылғы деректерге сүйенсек мал шаруашылығындағы малдың және құстың саны бойынша үлесін 3-ші суреттен (262 б.) көруге болады.

Кешенді жоспарды осындай нысандар бойынша құра отырып, ең бастысы малды бордақылап, экспортқа шығару бойынша инфрақұрылымды дамыту керек деп есептейміз.


2021 жылғы көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, маңызды деген ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, азық-түлік өндірісі және ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ағыны, еңбек өнімділігі қарастырылады. Осы көрсеткіштерді толығымен зерттесек, инвестициялар ағынының тұрақты үрдісін көруге болады.



Сурет 3 – Мал шаруашылығындағы малдың және құстың үлесі, мың бас

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Төмендегі 4-ші суреттен 2021 жылғы қаңтар-желтоқсандағы АӨК негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерін көре аламыз.




Сурет 4 – АӨК негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері

Ескертпе: [23] дереккөз негізінде құрастырылған.

Кестеде көрсетілгендей, ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар 773,2 млрд теңгені құраған.

2022 ж. ауыл шаруашылығының дамуы бойынша орташа өнімділік 14,2 ц/га, ал бастырылғаны 22,8 млн тонна, жоғары сапалы астық 80 пайыздан жоғары болған. Мемлекеттік қолдаудың арқасында 227 инвестициялық жоба қолданысқа берілген. Тамақ өнімдерін өндіру бойынша қарастыратын болсақ, елімізде азық-түлік өндірісі 4,2 пайызға өскенін 5-ші суреттен (263 б.) көре аламыз.



Сурет 5 – 2022 жылдағы тамақ өнімдерін өндіру көрсеткіштері, пайыз

Ескертпе: [23] дереккөз негізінде құрастырылған.

Жалпы негізгі азық-түлік тауарларымен толықтай қамтылу бойынша индикаторларға тиімді қол жеткізу үшін елімізде 2024 жылға дейінгі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары әрекет етеді. Бұл жоғарыда көрсетілген нәтижелердің барлығы жасалған кешенді тұжырымдамалардың, бағдарламалардың арқасында деп білеміз.

